

## Мектеп асханасындағы тексеріс

28.11.2022 жыл балалардың дұрыс тамақтануына, оқушылардың ыстық тамақ ішуіне тексеріс жүргізілді. Дұрыс тамақтану, олардың денсаулығы мықты болуға және дене бітімі сымбатты болып өсуіне ықпал етеді. Оқушылардың тамақтану кезінде өмір қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Азық-түлік сапасына жауапкершілік жалға алушы мен мектеп медбикесіне жүктелген. Асханадағы тағамдар таңертен мектеп медбикесі тексерістен өткізген соң ғана тамақтанушыларға беріледі.

Асханадағы тағамдар санитарлық ережеге сай сақталған. Сынып жетекшілер арасында 1-ші және 2-ші ауысым бойынша кезекшілік ұйымдастырылған. Тағамдардың мазірі мен түрлері жайлы мағлұмат күнделікті ауыстырылып, мектеп директорының мөрі мен бекітіліп ілінеді.

Мектебімізде балалардың денсаулығын нығайту, дұрыс тамақтануды жолға қою барысында жұмыстар жүргізіліп, апта сонында комиссия мүшелерінің құрамы жиналып тексеріс өткізеді. Білім беру ұйымының медбикесі, әлеуметтік педагог, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ата-ана комитетімен асхананың санитарлық жағдайы тексеріліп, кемшіліктері ескертілді.

